



**Roborock S6 MaxV**

## **робот шаңсорғышын пайдалану нұсқаулығы**

Құрылғыны пайдаланар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз да, кейін қарау үшін сақтап қойыңыз.

<b>Қауіпсіздік техникасы туралы ақпарат .....</b>	<b>3</b>
<b>Ақаулар кестесі .....</b>	<b>7</b>
<b>Құрылғы туралы жалпы ақпарат .....</b>	<b>8</b>
<b>Орнатуы .....</b>	<b>14</b>
<b>Пайдалану шарттары .....</b>	<b>19</b>
<b>Қалыпты қызмет көрсету .....</b>	<b>23</b>
<b>Негізгі параметрлер .....</b>	<b>29</b>
<b>Ақауларды жою .....</b>	<b>30</b>
<b>Жиі қойылатын сұрақтар .....</b>	<b>32</b>
<b>Пайдалану, монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату қағидалары мен шарттары .....</b>	<b>34</b>
<b>Кепілдікті қызмет көрсету шарттары .....</b>	<b>35</b>
<b>Қосымша ақпарат .....</b>	<b>36</b>

# Қауіпсіздік техникасы туралы ақпарат

## Шектеулер

- Бұл құрылғы тек үй жайларды жинауға арналған. Оны далада (мысалы қоршалмаған террасада) және еденнен басқа беттерде (мысалы диванда) және коммерциялық және өндірістік мақсаттағы бөлмелерде пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны жоғары көтерілген қоршалмаған беттерде (мысалы жоғарығы қабат еденінде, қоршалмаған террасада және жиһазда) пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны 40 °C жоғары немесе 4 °C төмен температурада, сонымен қатар ылғал немесе жабысқақ беттерде пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны пайдаланар алдында еден бетінен қандай-да бір сымдарды алып тасаңыз немесе оларды шаңсорғышқа ілінбейтіндей етіп шетке қойыңыз.
- Құрылғы бұғатталуының, құнды заттардың зақымдауының алдын алу үшін жеңіл заттарды (мысалы пластик пакеттерді) және тез сынғыш заттарды (мысалы вазаларды) үй жинар алдында еденнен алып тастаңыз.
- Балаларға құрылғының жұмысына кедергі келтіруге рұқсат бермеңіз.
- Бұл құрылғы физикалық және ақыл-ой қабілеттері шектеуді, жеткілікті тәжірибесі мен білімі жоқ адамдарға (соның ішінде балаларға), олардың қауіпсіздігіне жауапты тұлғаның қадағалауынсыз немесе құрылғыны қауіпсіз пайдалану жөніндегі тиісті нұсқаусыз пайдалауына арналмаған.

## Қауіпсіздік техникасы туралы ақпарат

- Жастары 8-ден асқан балалар және физикалық, сенсорлық және ақыл-ой қабілеттері шектеулі тұлғалар, немесе құрылғыны пайдалану бойынша теориялық дайындықтан өткен және тәжірибесі бар тұлғалар осы құрылғыны тәжірибесі молырақ тұлғаның нұсқауымен немесе оның құрылғыны қауіпсіз пайдалану жөніндегі нұсқауларымен, оны пайдалануға байланысты қатерлерін түсінсе, пайдалана алады. Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз. Тазалауды және қызмет көрсетуді ересек адамның тиісті бақылауынсыз балаларға жүргізуге болмайды.
- Негізгі қылшақтың тазалау құралдарын балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Құрылғыға ол қосылған-қосылмағанына қарамастан қандай-да бір заттарды (соның ішінде балаларды және үй жануарларын) қоймаңыз.
- Құрылғының тесіктеріне және жылдымалы бөлшектеріне шашты, еркін киімді, саусақтарды және басқа дене мүшелерін жақындатпаңыз.
- Құрылғыны жанып жатқан заттарды (мысалы темекі қалдығын) тазалауға пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны түгі ұзын кілемде пайдаланбаңыз (құрылғы жұмысының тиімділігі қара кілемдерде де төмендейді).
- Құрылғыны қаты және үшкір заттары (мысалы құрылыс қалдықтары, әйнек, шеге) бар беттерді тазалау үшін пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны лазердік сканер қақпағынан, құрылғы қақпағынан немесе соққыға қарсы буферінен көтеріп тасымаңыз.

# Қауіпсіздік техникасы туралы ақпарат

- Құрылғыны тазалар және техникалық қызмет көрсетер алдында оны өшіріп, ашаны розеткадан шығару керек.
- Құрылғыны тазалауға ылғал матаны немесе сұйықтықты пайдаланбаңыз.
- Кілемде жуғыш модульді пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны пайдалану нұсқаулығына сәйкес пайдаланыңыз. Құрылғыны дұрыс пайдаланбау нәтижесінде болған кез келген нұсқау мен залалға пайдаланушы жауапты болады.
- Бұл құрылғыдағы батареяларды тек білікті персонал ғана ауыстыруы керек.

## Батарея және қуаттау

### САҚТЫҚ

- Қайта қуатталмайтын батареяларды қуаттамаңыз.
- Батареяны қуаттау үшін құрылғымен бірге берілетін Roborock CDZ11RR немесе CDZ12RR алынбалы құрылғыны пайдаланыңыз.
- Батареяны немесе қуаттау блогын бөлшектемеңіз, жөндемеңіз және жаңартпаңыз.
- Зарядтау блогын жылу көзінен (мысалы жылытқыштан) алыс ұстаңыз.

## Қауіпсіздік техникасы туралы ақпарат


- Қуаттау құрылғысының түйіспелерін ылғал шүберекпен немесе су қолмен тазаламаңыз.
- Құрылғыны кәдеге жаратар алдында батареяны шығарып алу керек.
- Батареяны шығарып алу үшін құрылғыны электр желісінен ажырату керек.
- Батареяны қауіпсіз жолмен кәдеге жарату керек. Батареяны қалдыққа тастамаңыз. Оны кәдеге жаратумен кәсіби түрде айналысатын компанияға тапсырыңыз.
- Егер қуаттау баусымы зақымдалғна болса, құрылғыны пайдалануды дереу тоқтатыңыз. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін оны өндіруші, сервистік агент немесе басқа тиісті біліктілігі бар тұлғалар ауыстыруы керек.
- Жіберер алдында құрылғы қуаты ажыратылғанына көз жеткізіңіз. Түпнұсқа қаптамасын пайдаланған дұрыс.
- Егер құрылғы ұзақ уақыт пайдаланылмайтын болса, оны толық қуаттап, өшіріп, құрғақ салқын жерде сақтаңыз. Құрылғыны батареяны тым қатты зарядтамау үшін кемінде аптасына үш рет қуаттаңыз.

# Ақаулар кестесі

Ақаулар кестесі	
Элемент	Ақаулық.
Негізгі құрылғы	Функциялар жұмыс істемейді.
	Қосылмайды.
	Негізгі қылшақта, шеткі қылшақта, желдеткіште немесе негізгі дөңгелекте проблема.
Қуаттау блогы	Негізгі құрылғы қуатталмайды.
Қуаттау баусымы	Қуаттау блогында қуат жоқ.

# Құрылғы туралы жалпы ақпарат


## Робот






# Құрылғы туралы жалпы ақпарат

## Шаңжинағыш




## Робот




# Құрылғы туралы жалпы ақпарат


## Аксессуарлар




Док-станция



Ылғалға төзімді тіреу



Қуаттау баусымы




Ылғал жинауға арналған мата  
кронштейні



Ылғал жинауға  
арналған мата




# Құрылғы туралы жалпы ақпарат

## Робот және датчиктер




# Құрылғы туралы жалпы ақпарат

## Ылғал жинауға арналған модуль



# Құрылғы туралы жалпы ақпарат

## Док-станция



# Орнатуы


## Роботты пайдалану

### 1. Док-станцияны орналастырыңыз

Док-станцияны қабырғаның жанындағы көлденең тегіс бетке орналастырыңыз. Док-станцияның қуаттау бау сымын қосып, кабельдің артық бөлігін кабель слотына салыңыз. Мобильдік қолданбаңыз дұрыс жұмыс істеуі үшін док-станцияны Wi-Fi жақсы ұстайтын аймаққа орналастырыңыз.

#### Ескерту

- Док-станцияның ар жағынан кемінде 0,5 м, алдынан 1,5 м бос орын қалдырыңыз.
- Қуаттау кабелі еденге қарағанда салбырап тұрса, робот оны іліп алуы мүмкін, бұл док-станцияның өшуіне әкеледі.
- Док-станция индикаторы розеткаға қосылып тұрған кезде жанады да, робот қуатталып тұрған кезде өшеді.
- Док-станцияны тікелей күн сәулесі түсетін жерге орналастырмаңыз және локациялық маякты бұғаттамаңыз. Әйтпесе робот автоматты түрде док-станцияға орала алмайды.
- Док-станцияны бекіту үшін екі жақты жабысқақ таспаны пайдаланыңыз.




### 2. Док-станцияны жабысқақ таспамен бекітіңіз

Док-станцияны орнату орнында еденді құрғақ матамен сүртіңіз де, екі жақты жабысқақ таспаны (жиынтықта бар) еденге жабыстырыңыз. Док-станцияны екі жақты жабысқақ таспаға орналастырып, сол жерге бекітіңіз.

#### Ескерту

- Док-станцияны бекіту үшін екі жақты жабысқақ таспаны пайдалану міндетті емес.
- Қажет болған кезде желім қалдықтарын кетіру үшін екі жақты жабысқақ таспаны ақырын шешіп алыңыз.




# Орнатуы

## 3. Ылғалға тұрақты тіреуіді бекіту


Док-станцияны орнына бекіту үшін ылғалға тұрақты тіреуішті орнататын жерді құрғақ шүберекпен сүртіп алыңыз. Ылғалға тұрақты тіреудің төменгі жағына жабысқан екі жақты жабысқақ таспаның сыртқы қабатын шешіп алыңыз, тіреуішті суретте көрсетілгендей еденге бекітіңіз.

Ескерту

- Ылғалға тұрақты тіреуді міндетті түрде ағаш еденге орналастыру керек.
- Қажет болған кезде қажет болған кезде желім қалдықтарын кетіру үшін екі жақты жабысқақ таспаны ақырын шешіп алыңыз.
- Ылғалға төзімді тіреу тегіс бетке жақсырақ жабысады.




## 4. Қосу және қуаттау

Роботты қосу үшін  түймесін басып ұстап тұрыңыз. Қуаттау индикаторы тұрақты болып жанғанша күтіңіз де, роботты зарядтау үшін док-станцияға орналастырыңыз. Робот жоғары өнімділікті литий-иондық аккумулятор батареямен жабдықталған. Батареяның қалыпты жұмысын сақтау үшін роботты үнемі қуаттап тұру керек.

Ескерту

Робот батарея қуаты төмен болған кезде қосылмауы мүмкін. Мұндай жағдайда роботты док-станцияға қосу керек.



# Орнатуы

## 5. Mi Home қолданбасына қосылу (ұсынылады)

Бұл құрылғы Mi Home ақылды үй платформасымен үйлесімді және оны Mi Home қолданбасы арқылы басқаруға болады. Сонымен қатар ол MIUI экожүйесін қолдайды және оны Mi Home ақылды үй басқа өнімдеріне қосуға болады.

Жылдам орнату

### ① Mi Home қолданбасын жүктеңіз

App Store/Google Play дүкенінен «Mi Home» қолданбасын табыңыз немесе Mi Home қолданбасын жүктеп орнату үшін төмендегі QR-кодты сканерлеңіз.



### ② Құрылғыны қосыңыз

Mi Home қолданбасындағы «Менің құрылғым» бетін ашыңыз, беттің жоғарғы оң жақ бұрышында «+» түймесін басып, құрылғыны қосыңыз. Қосылған құрылғыны «Менің құрылғым» тізімінен табуға болады.

Ескерту


Mi Home қолданбасы жаңартылғандықтан кейбір әрекеттер жоғарыдағы сипаттамадан өзгеше болуы мүмкін. Mi Home қолданбасындағы нұсқауларды орындаңыз. Wi-Fi қосылысы тек 2,4 ГГц диапазонындағы желілерді ғана қолдайды, 5 ГГц қолдамайды.

### ③ Wi-Fi қалыпты жағдайға келтіріңіз

Wi-Fi кез келген проблема болса Wi-Fi баптауларын қалыпты бастапқы күйіне келтіріңіз. Wi-Fi индикаторы көрінуі үшін жоғарғы қақпақты ашыңыз, содан кейін  және  түймесін басып «Wi-Fi бастапқы күйге келтіру» дыбыстық хабарламасын естігенше ұстап тұрыңыз. Қалыпты жағдайға келтіру аяқталды, Wi-Fi баяу жыпылықтайды. Енді құрылғы қосылуды күдеті.

Ескерту

Mi Home қолданбасы жаңартылғандықтан кейбір әрекеттер жоғарыдағы сипаттамадан өзгеше болуы мүмкін. Mi Home қолданбасындағы нұсқауларды орындаңыз. Wi-Fi қосылысы тек 2,4 ГГц диапазонындағы желілерді ғана қолдайды, 5 ГГц қолдамайды.



Wi-Fi индикаторы

- Өшір.: Wi-Fi өшіп тұр
- Баяу жыпылықтап тұр: қосу күтілуде
- Жылдам жыпылықтап тұр: қосу
- Үздіксіз жанады: Wi-Fi қосылу



# Орнатуы

## Роботты пайдалану


### 6. Еденді сулап тазалау

#### Ескерту

Ылғал тазалауға арналған матада ластың тым көп жиналуының алдын алу үшін еденді алғаш ылғал тазалар алдында кемінде үш рет шаңсорғышпен тазалау керек.

#### ① Су ыдысын шығарып алыңыз

Су ыдысының бекіткішін басып, ыдысты артқа қарай тартыңыз.




#### ② Су ыдысын толтырыңыз

Су ыдысын ашыңыз, оған су толтырып, оны тығыздап жабыңыз.


#### Ескерту

- Коррозияны немесе зақымдануды болғызбау үшін тазалау сұйықтықтарын немесе дезинфекциялау құралдарын су ыдысына пайдаланбаңыз.
- Ыстық суды пайдаланбаңыз — бұл ыдыстың пішінін бұзуы мүмкін.



#### ③ Су ыдысын орнына салыңыз

Су ыдысын роботқа шырт еткен дыбыс естілгенше салыңыз.




#### ④ Ылғал жинауға арналған матаны орнатыңыз

Ылғал жинауға арналған матаны сулаңыз да, кепкенше сығыңыз. Оны су ыдысы слотының бойының астына салып, жақсылап бекітіңіз.

#### Ескерту

Кілем бетіндегі ылғал жинаудың алдын алу үшін виртуалдық кедергілер мен ылғал жинаусыз аймақтарды пайдаланыңыз.




# Орнатуы

## Роботты пайдалану

- ⑤ Ылғал жинауға арналған мата кронштейнін орнатыңыз. Кронштейнді су ыдысының артқы жағының бойымен орнатыңыз. Шырт еткен дыбыс оның сол орынға бекітілгенін білдіреді.

### Ескерту

Ылғал жинауға арналған матаны ылғал жинағаннан кейін 60 минут сайын тазалап су шығыны мен жинау сапасына кепілдік келтіру керек.




## 7. Су шығысын баптаңыз

Су шығысын реттеу үшін мобильдік қолданбаны пайдаланыңыз.



## 8. Жинауды бастау


Қуат индикаторы баяу жыпылықтауын тоқтатып, үздіксіз жанған кезде қуаттау аяқталады. Қолданбаны пайдалану үшін  түймені басыңыз.

## 9. Ылғал жинауға арналған мата кронштейнін шығару

Робот док-станцияға оралған кезде екі жағындағы бекіткішті басыңыз, ылғал жинау матасының кронштейнін шығарып алып, шешіңіз.


### Ескерту

- Жинап болғаннан кейін ылғал жинау матасының кронштейнін су ыдысынан шығарып алып, зең мен жағымсыз иіске жол бермеу үшін матаны тазалаңыз.
- Ылғал жинау матасының кронштейнін ылғал жинау кезінде шешіп қойыңыз.





## 10. Ылғал жинау матасының кронштейнін су ыдысынан шешіп алыңыз

Екі шеткі бекіткішті ішке қарай басып, ылғал жинауға арналған мата кронштейнін суретте көрсетілгендей, су ыдысынан шығару үшін тартыңыз.




# Пайдалану шарттары


## Қосу/Өшіру

Роботты қосу үшін  түймесін басып ұстап тұрыңыз. Қуаттау индикаторы қосылады да робот күту режиміне ауысады. Робот қозғалмайтын болса, роботты өшіріп, қазіргі жинау циклін аяқтау үшін  түймесін басып ұстап тұрыңыз.

Ескерту  
Қуаттау барысында роботты өшіруге болмайды.

## Жинауды бастау



Жинауды бастау үшін  түймесін басыңыз. Робот жинау бағытын бөлмені сканерлеп жоспалауды бастайды. Ол бөлмені аймақтарға бөліп, аймақ шекарасымен өтіп, одан кейін оның ішінде қиғаштап жүре бастайды. Осылайша робот бір аймақтан кейін екіншісін жинап, бүкіл үйді тиімді жинай бастайды.



### Ескерту

- Батарея қуаты тым төмен болса, жинауды бастау мүмкін болмайды. Роботты жинауды бастар алдында қуаттап алыңыз.
- Жинау алдында сымдарды (док-станцияның қуаттау бау сымдарын қоса) еденнен алып тастаңыз. Бос жатқан сымдар роботқа ілініп, электр құрылғыларының өшуіне немесе сымдар мен мүліктің зақымдануына әкелуі мүмкін.
- Егер жинау 10 минуттан аз уақытта аяқталса, жинайтын аймақ екі рет тазаланады.
- Егер жинау барысында батарея қуаты отырса, робот автоматты түрде док станцияға оралады. Қуаттап болғаннан кейін робот тоқтаған жерінен бастап жинауды жалғастырады.

## Кідірту

Робот жинауды жүргізіп жатқан кезде оны уақытша тоқтату үшін кез келген түймені басыңыз. Жинауды жалғастыру үшін  түймесін немесе док-станцияға оралу және жинауды тоқтату үшін  түймесін басыңыз.

### Ескерту

Роботты уақытша тоқтатылған күйде док-станцияға қолмен апарған жағдайда, жинаудың қазіргі циклі аяқталады.

## Ұйқы режимі

Робот уақытша тоқтатылған күйде 10 минуттан артық уақыт болса, ол ұйықтау режиміне өтеді де, қуаттау индикаторы бірнеше секундта бір рет жыпылықтайды. Роботты ояту үшін кез келген түймені басыңыз.


### Ескерту

- Робот док-станцияда тұрған кезде ұйықтау режиміне өтпейді.
- Робот ұйықтау режимінде 12 сағаттан артық болса, автоматты түрде өшеді.

# Пайдалану шарттары

## Қуаттау

Авто: жинап болғаннан кейін робот автоматты түрде док-станцияға қосымша зарядталу үшін оралады.

Қолмен: уақытша тоқтату режимінде роботты қайта док-станцияға жіберу үшін  түймесін басыңыз.

Қуаттау барысында роботты қуаттау индикаторы баяу жыпылықтайды.

### Ескерту

Егер робот док-станцияны таба алмаса, ол жинаған кездегі соңғы орнына оралады. Роботты қуаттау үшін док-станцияға қолмен апарып қойыңыз.



## Қате

Егер жинау барысында қате орын алса, роботтың қуаттау индикаторы қызыл түспен жыпылықтайды да, дыбыстық хабарлама шығады. Шешімдер «Ақауларды жою» бөлімінде берілген.

### Ескерту

- Робот қате күйінде 10 минуттан артық тұрса, автоматты түрде ұйықтау режиміне өтеді.
- Роботты қате күйінде док-станцияға апару қазіргі жинауды аяқтайды.


## Wi-Fi бастапқы күйге келтіру

Егер мобильдік телефон роботқа маршрутизатор конфигурациясы өзгергендіктен, құпиясөз ұмытылғандықтан немесе қандай-да бір басқа себеппен қосыла алмаса, жоғарғы қақпағын ашып, Wi-Fi индикаторын табыңыз.  және  түймесін «Wi-Fi бастапқы күйге келтіру» дыбыстық хабарламасы естілгенше басып ұстап тұрыңыз. Бастапқы күйге келтіру аяқталды, Wi-Fi баяу жыпылықтап тұрса, робот қосылуды күтетінін білдіреді.

### Ескерту


Егер робот 1 сағаттан астап қосылуды күтсе, Wi-Fi автоматты түрде өшеді. Егер қайта қосу қажет болса, процедураны жалғастырар алдында Wi-Fi бастапқы күйге келтіріңіз.

## Нүктелік жинау

Робот күту немесе кідіру  режимінде болған кезде, нүктелік жинауды бастау үшін түймені басыңыз. Бұл режимде роботтың айналасында 1,5 \* 1,5 м көлемді аймақты жинау орындалады. Нүктелік жинаудан кейін робот автоматты түрде бастапқы нүктесіне оралады да жинауды тоқтатады.

### Ескерту

Кідірту режимінде нүктелік жинауды іске қосу қазіргі жинау циклін тоқтатады.




# Пайдалану шарттары

## Таңдалған бөлмені жинау

Қолданбадан бір немесе бірнеше бөлмені жинауды таңдаңыз.

Ескерту

- Бұл функцияны пайдаланар алдында толық картаны құрып, картаны сақтау режимін қосыңыз.
- Жинау кезінде робот таңдалмаған аймақтарға кіруі мүмкін. Таңдалған бөлмелердегі едендегі кедергілерді алып тастаңыз, өйткені робот таңдалмаған салаларға кіріп кетуі мүмкін.



## Жоспарланбаған жинау

Қолданбаны жоспарланбаған жинау уақытын орнату үшін пайдаланыңыз. Әр жинау циклінен кейін робот автоматты түрде док-станцияға оралады.

## Аймауы жинау

Мақсатты аймақтарды жинау үшін қолданбада белгілі бір аймақтардың суретін салыңыз.

Ескерту

Жинау кезінде робот таңдалмаған аймақтарға кіруі мүмкін. Таңдалған аймақтардағы едендегі кедергілерді алып тастаңыз, өйткені робот таңдалмаған салаларға кіріп кетуі мүмкін.

## Бағыт нүктелері

Мақсатты қолданба картасына орналастырыңыз, робот қажетті нүктеге қарай барады.

## Жинау режимі

Қолданбада Тыныш, Теңгерімді, Турбо немесе Максималды жұмыс режимдерін таңдаңыз. Қалыпты жағдай бойынша теңгерімді режим таңдалған.

## «Мазаламаңыз» режимі

«Мазаламаңыз» режимінде робот жинауды және дыбыстық хабарламаны ойнатуды тоқтатады және қуат индикаторының жарығы төмендейді.

«Мазаламаңыз» режимі зауыттық баптауларда қосылған. «Мазаламаңыз» режимі барысы жұмысы қалыпты жағдай бойынша 22:00–8:00 аралығында болады. «Мазаламаңыз» режимінің уақытын қолданба арқылы өшіруге немесе өзгертуге болады.


# Пайдалану шарттары

## Тыйым салған аймақтар / виртуалдық кедергілер / Ылғал жинаусыз аймақтар


Тыйым салған аймақтар / виртуалдық кедергілер / ылғал жинаусыз аймақтарды қолданба арқылы орнатыңыз. Робот виртуалдық барьерлермен шектелген тыйым салынған аймақтарға жинау барысында кірмейді. Ылғал жинаусыз аймақтар тек ылғал жинауға арналған мата кронштейні орнатылған кезде ғана іске қосылады.

### Ескерту

- Виртуалдық тыйым салынған аймақтар мен кедергілерді пайдалану үшін қолданбада «Картаны сақтау режимін» қосу керек.
- Бұл функцияны тек жинау аймақтарын баптау үшін ғана пайдалануға болады. Оны қауіпті аймақтарды қоршау үшін пайдаланбаңыз. Роботты жылжыту немесе үй ортасын өзгерту карта дәлдігінің бузылуына және виртуалдық барьер мен тыйым салынған аймақ баптауларының жойылуына әкелуі мүмкін.



## Су ыдысын толтыру немесе ылғал жинауға арналған матаны тазарту

Су қосу үшін немесе ылғал жинауға арналған матаны тазарту үшін роботты тоқтату үшін кез келген түймені басыңыз да, ылғал жинау модулін шешіңіз. Суды қосқаннан кейін немесе ылғал жинауға арналған матаны тазартудан кейін ылғал жинау модулін орнатып,  түймесін жалғастыру үшін басыңыз.

## Қолданбаның қосымша функциялары

Карталарды шынайы уақытта жаңарту	Кілем бетінде қуатты арттыру	Роботтың орналасқан жері
Жинау режимін өзгерту	Бөлшектерді ауыстыру кестесі	Картаны басқару
Жинау тарихын қарау	Робот күйін қарау	«Мазаламаңыз» режимі
Робот дауысын өзгерту	Дыбыс деңгейін реттеу	Микробағдарламаны жаңарту

### Ескерту

Xiaomi Home қолданбасының функциялары сал өзгешелеу болуы мүмкін, өйткені қолданба үнемі жетілдіріліп, жаңартылып тұрады.

# Қалыпты қызмет көрсету


## Негізгі қылшақ

\* Алтасына бір рет тазалаңыз

1. Роботты төңкеріңіз, бекіткішті басыңыз да, негізгі қылшақтың қақпағын ашыңыз.
2. Негізгі қылшақты шығарып алыңыз. Негізгі қылшақтың мойынтірегін шығарып алып тазалаңыз.
3. Негізгі қылшақтың қақпағын қақпақты шешу үшін қажетті бағытта бұраңыз.
4. Негізгі қылшақты тазалауға арналған құралдың көмегімен қылшақта немесе мойынтіректе тұрып қалған шашты тазалаңыз.
5. Негізгі қылшақтың қақпағы мен мойынтірегін қайта орнату үшін бұғаттаудың көрсетілген бағытында бұраңыз.
6. Негізгі қылшақты орнатып, оның қақпағын басып, орнында бекітіңіз.

Ескерту

Жинау оңтайлы әрі тиімді болуы үшін негізгі қылшақты 6–12 айда бір рет ауыстырып тұрыңыз.




## Негізгі қылшақты тазалауға арналған құралды пайдалану

Шатасқан шаштарды кесіп қылшақты тазарту үшін пышақ құралын пайдаланыңыз.

Ескерту

Егер қылшаққа көп шаш тұрып қалса немесе олар қатты шатасып қалса, құрылғыны зақымдап алмай, шашты абайлап алыңыз.




# Қалыпты қызмет көрсету



## Шаңжинағыш және сүзгі

\* Аптасына бір рет тазалаңыз

1. Жоғарғы қақпағын ашып, шаңжинағыш бекіткіштерін басыңыз да, шаңжинағышты шығарып алыңыз.



2. Шаңжинағыш қақпағын көрсеткінің бағыты бойынша ашып, ішіндегі ласты қағыңыз.






# Қалыпты қызмет көрсету

## Жуылатын сүзгі

Екі аптада бір рет тазалаңыз


1. Шаңжинағыш қақпағын көрсеткінің бағыты бойынша ашып, ішіндегілерді қағыңыз.



2. Шаңжинағышқа таза су толтырып, қақпағын жабыңыз. Шаңжинағышты ақырын шайқап, ішіндегі лас суды төгіңіз.

Ескерту


Бұғаттауға жол бермеу үшін тазалағыш құралдарды қоспай, тек таза суды пайдаланыңыз.



3. Сүзгіні шешіп алып, сумен жуыңыз.

Ескерту

Сүзгіні қолыңызбен, қылшақпен немесе үшкір заттармен ұстап, зақымдамаңыз.



4. Сүзгіні бірнеше рет жуып, оның ішіндегі ласты барынша кетіру үшін жақтауға сәл ұрыңыз.



5. Сүзгіні қайта орнатар алдында кептіріп алыңыз.

Ескерту

- Сүзгіні пайдаланар алдында жақсылап кептіріңіз. (Сүзгіні кемінде 24 сағат кептіріңіз.)
- Қажет болса басқа сүзгіні пайдаланыңыз.

# Қалыпты қызмет көрсету

## Батарея

Робот жоғары өнімділікті литий-иондық батареямен жабдықталған. Батареяның қалыпты жұмысын сақтау үшін роботты үнемі қуаттап тұру керек.

Ескерту

Егер робот ұзақ уақыт пайдаланылмайтын болса, оны өшіріп қойып, кемінде үш айда бір рет қайта қуаттап, батареяның қуаты мүлдем өшуге байланысты зақымдалуының алдын алу керек.

## Док-станция \* Айына бір рет тазалаңыз

Док-станцияның түйіспелерін жұмсақ құрғақ матамен тазалаңыз.


## Шеткі қылшақ

\* Айына бір рет тазалаңыз

1. Роботты төңкеріп, шеткі қылшақтың сомынын бұрап шығарыңыз.
2. Шеткі қылшақты шығарып алып тазалаңыз.
3. Қылшақты орнына салып сомынды тартып бұраңыз.

Ескерту

Жинау оңтайлы әрі тиімді болуы үшін шеткі қылшақты 3-6 айда бір рет ауыстырып тұрыңыз.



## Су ыдысы


\* \* Қажетіне қарай тазалаңыз

1. Су ыдысын ашыңыз.
2. Су сүзгісін жуыңыз.
3. Су ыдысына су толтырып, сәл шайқап, суды төгіңіз.

## Ылғал жинауға арналған мата

\* \*

1. Пайдаланып болғаннан кейін тазалаңыз



2. Ылғал жинауға арналған матаны тазалап, ауада кептіріңіз.

Ескерту

- Ылғал жинауға арналған мата лас болса, ол жинау тиімділігіне кері әсер етеді. Ылғал жинауға арналған матаны пайдаланар алдында тазалаңыз.
- Жинау оңтайлы әрі тиімді болуы үшін ылғал жинауға арналған матаны 3-6 айда бір рет ауыстырып тұрыңыз.


# Қалыпты қызмет көрсету

## Барлық бағыттағы дөңгелек

\* Қажетіне қарай тазалаңыз

1. Роботты төңкеріңіз.
2. Құралдың, мысалы шағын бұрауыштың көмегімен осьті ажыратып, дөңгелекті шығарып алыңыз.
3. Осьті және дөңгелекті сумен жуып, оны шаш пен ластан тазартыңыз.
4. Оны таза ауада кептіріп, қайта орнатыңыз да, дөңгелек пен осьті орнына түсетіндей етіп басыңыз.

Ескерту  
Барлық бағыттағы дөңгелек кронштейні шешілмейді.




## Жүйені қалпына келтіру

Егер робот түймені басқанда әрекет етпесе және оны өшіру мүмкін болмаса, жүйені бастапқы күйге келтіріңіз. Бастапқы күйге келтіру түймесін басыңыз, сол кезде робот автоматты түрде бастапқы күйге келеді.

Ескерту  
Жүйені бастапқы күйге келтіргеннен кейін барлық жоспарланған жинау, Wi-Fi баптаулары және басқа баптаулар зауыттық баптауға ауысады.

## Зауыт баптауларын қалпына келтіру

Жүйені бастапқы күйге келтіргеннен кейін дұрыс жұмыс істемесе, оны өшіріңіз де,  түймесін және бастапқы күйге келтіру түймесін «Бастапқы нұсқаны қалпына келтіруді бастау» дыбыстық хабарламасы естілгенше басып ұстап тұрыңыз. Роботтың зауыттық баптаулары қалпына келетін болады.

## Микробағдарламаны жаңарту



Робот бағдарламасын жаңарту үшін мобильдік қолданбаны пайдаланыңыз. Жаңартар алдында роботты док-станцияға қосып, батарея қуаты 20%-дан жоғары екеніне көз жеткізіңіз. Бағдарламаны жаңартқан кезде қуаттау индикаторы жылдам ақ түспен жыпылықтайды.

# Қалыпты қызмет көрсету

## Робот датчиктері \* Айына бір рет тазалаңыз

Барлық датчиктері құрғақ жұмсақ шүберекпен тазалаңыз, соның ішінде:

1. ReactiveAI камералары.
2. Роботтың астында биіктіктің ауытқуының алты датчигі.
3. Роботтың оң жағында қабырға датчигі.
4. ұаттау түйіспесі роботтың астында.



# Негізгі параметрлер

## Робот

Атауы	Көрсеткіштер
Үлгісі	roborock S6 MaxV
Сыртқы түрі мен көлемдері	353×350×96,5 мм
Батарея	Литий батарея 14,4 В / 5200 мА сағ
Масса	шамамен 3,7 кг
Сымсыз қосылу	WiFi Smart Connect
Номиналды кернеу	14,4 В тұрақты ток
Номиналды қуаты	66 Вт
Зарядтау уақыты	< 6 сағ

Примечание.  
Серийный номер расположен на наклейке в нижней части робота.

## Док-станция

Атауы	Көрсеткіштер
Модель	CDZ11RR немесе CDZ12RR
Сыртқы түрі мен көлемдері	151×130×98 мм
Номиналды қуаты	28 Вт
Номиналды кіріс ток	100–240 В айнымалы ток
Номиналды шығыс ток	20 В тұрақты ток, 1,2 А
Номиналды жиілік	50–60 Гц
Батарея қуаты	Литий батарея 14,4 В / 5200 мА сағ

# Ақауларды жою

Егер жинау барысында қате орын алса, роботтың қуаттау индикаторы қызыл түспен жыпылықтайды да, дыбыстық хабарлама шығады. Ақауды жою үшін төмендегі кестені қараңыз.

Қате	Шешімі
Қате 1: Лазер бастиегін бұрап, оның еркін бұралатынына көз жеткізіңіз.	Лазер қашықтық датчигінің блогі тұрып қалды. Оны бұғаттайтын заттарды алып тастаңыз да роботты жаңа орынға қойып, оны қайта қосыңыз.
Қате 2: Тазалаңыз да, бамперді сәл ұрыңыз.	Бампер тұрып қалды. Тұрып қалған заттар кеткенше бамперді ақырындап ұрыңыз. Егер заттар түспесе, роботты жаңа орынға жылжытыңыз да, оны қайта қосыңыз.
Қате 3: Роботты жаңа орынға қойып, қайта қосыңыз.	Дөңгелек еденге тимей тұр. Роботты жаңа орынға қойып, қайта қосыңыз.
Қате 4: Биіктік ауытқуы датчиктерін сүртіңіз, роботты биіктік ауытқуының шеттерінен басқа жерге қойып, қайта қосыңыз.	Робот еденге тимей тұр. Оны жаңа орынға қойып, қайта қосыңыз. Проблема жойылмаса, биіктік ауытқуы датчиктерін тазалаңыз. Бұл қате биіктік ауытқуының ластануынан да болуы мүмкін. Биіктік ауытқуы датчиктерін тазалап көріңіз.
Қате 5: Негізгі қылшақты шығарып алыңыз да, оны және мойынтіректі тазалаңыз.	Негізгі қылшақ бұғатталған болуы мүмкін. Оны шығарып алып тазалаңыз.
Қате 6: Шеткі қылшақты шығарып алып тазалаңыз.	Шеткі қылшақ бұғатталған болуы мүмкін. Оны шығарып алып тазалаңыз.
Қате 7: Негізгі дөңгелекте ештеңе тұрып қалмағанын тексеріңіз, содан кейін роботты жаңа орынға қойып, қайта қосыңыз.	Негізгі дөңгелектері бұғатталуы мүмкін. Оны шығарып алып тазалаңыз.
Қате 8: Роботтың айналасындағы барлық кедергілерді жойыңыз.	Мүмкін робот тұрып қалған шығар. Оның айналасындағы барлық кедергілерді жойыңыз.
Қате 9: Шаңжинағыш пен сүзгіні орнатыңыз.	Шаңжинағыш пен сүзгіні орнына орнатып, олардың дұрыс тұрғанына көз жеткізіңіз. Проблема жойылмаса, сүзгіні ауыстырып көріңіз.
Қате 10: Сүзгі ылғал немесе бітелген.	Сүзгі толық кептірілмеген. Сүзгіні кемінде 24 сағат кептіріңіз. Сүзгіні тазалау керек болуы мүмкін. Проблема жойылмаса, сүзгіні ауыстырыңыз.

# Ақауларды жою

Егер жинау барысында қате орын алса, роботтың қуаттау индикаторы қызыл түспен жыпылықтайды да, дыбыстық хабарлама шығады. Ақауды жою үшін төмендегі кестені қараңыз.

Қате	Шешімі
Қате 11: Күшті магниттік өріс анықталды. Роботты магнит таспасынан алыс орналастырып, қайта қосыңыз.	Робот магнит таспасына тым жақын тұр, сондықтан қайта қосылмайды. Оны жаңа орынға қойып, қайта қосыңыз.
Қате 12: Батареяның қуат деңгейі тым төмен. Пайдаланар алдында қуаттаңыз.	Батареяның қуат деңгейі төмен. Пайдаланар алдында қуаттаңыз.
Қате 13: Қуаттағыш ақауы. Қуаттағыш түйіспесінің аймағын тазалаңыз.	Док-станция мен роботтың қуаттау түйіспесін жұмсақ құрғақ матамен тазалаңыз.
Қате 14: Батарея қатесі.	Батареяның температурасы өте жоғары немесе өте төмен. Температура қалыпқа келгенше күтіңіз.
Қате 15: Қабырға датчигін тазалаңыз.	Қабырға датчигі шаңмен бітелген. Датчикті тазалап сүртіңіз.
Қате 16: Робот қисық тұр. Оны теріс еденге қойып қайта қосыңыз.	Робот қисық тұр. Оны теріс еденге қойып қайта қосыңыз.
Қате 17: Шеткі қылшақ модулінің қатесі. Жүйені Wi-Fi қалыпты жағдайға келтіріңіз.	Шеткі қылшақ модулінің қатесі орын алды. Жүйені Wi-Fi қалыпты жағдайға келтіріңіз.
Қате 18: Шаңсорғыш желдеткішінің қатесі. Жүйені Wi-Fi қалыпты жағдайға келтіріңіз.	Шаңсорғыш желдеткішінің қатесі орын алды. Жүйені Wi-Fi қалыпты жағдайға келтіріңіз.
Қате 21: Тік бампер басылып тұр. Оны жіберіп, қайталап көріңіз.	Тік бампер басылған. Роботтың орнын ауыстырып, қайталап көріңіз.
Қате 22: Док-станция локаторы ластанған. Оны жіберіп, қайталап көріңіз.	Док-станция локаторының сигналы шаңмен бітелген. Оны жіберіп, қайталап көріңіз.
Қате 23: Док-станцияның орналасқан жерінің маягі жоғалды. Оны жіберіп, қайталап көріңіз.	Док-станция локаторының маягі шаңмен бітелген. Оны жіберіп, қайталап көріңіз.
Қате 24: Тыйым салынған аймақ немесе шектеуші таспа анықталды. Роботтың орнын ауыстырып, қайталап көріңіз.	Роботты виртуалды тыйым салынған аймақтан немесе шектеуші таспадан алыс қойып, қайталап көріңіз.
Ішкі ақау.	Ішкі ақау себебінен істен шығуы. Жүйені Wi-Fi қалыпты жағдайға келтіріңіз.

Ескерту  
Жүйені қалпына келтіру барлық проблеманы шешпеуі мүмкін.

Егер жоғарыдағы кестедегі ұсыныстарды орындағаннан кейін проблема жойылмаса, электрондық поштамен хабарламаны біздің сатудан кейінгі қызмет көрсету бөліміне жіберіңіз:

АҚШ және Еуропалық-емес елдердегі қызмет көрсету орталықтары: [support@roborock.com](mailto:support@roborock.com)

Еуропадағы қызмет көрету орталығы: [support@roborock-eu.com](mailto:support@roborock-eu.com)

# Жиі қойылатын сұрақтар

Проблема	Шешімі
Құрылғы қосылмайды	Батареяның қуат деңгейі төмен. Роботты док-станцияға қойып, оны пайдаланар алдында қуаттаңыз. Батареяның температурасы өте жоғары немесе өте төмен. Роботты тек 4–40 °C температура ауқымында ғана пайдалануға болады.
Құрылғы қуатталмайды	Док-станциядағы қуат қосылмаған. Қуат сымының екі жағы да дұрыс қосылғанына көз жеткізіңіз. Түйіспе дұрыс болмаса, док-станция мен роботтың түйіспе аймақтарын тазалаңыз. Қуаттау блогының индикаторы қосылғанына көз жеткізіңіз.
Қуаттау жылдамдығы төмен	Робот жоғары немесе төмен температура жағдайларында қуатталуда. Батарея қызметінің мерзімін сақтау үшін робот қуаттау жылдамдығын автоматты түрде азайтады. Қуаттау түйіспелері ластанған болуы мүмкін. Оларды құрғақ матамен тазалаңыз.
Док-станцияға оралу мүмкін емес	Док-станцияның жанында кедергі тым көп. Оны басқа жерге қойыңыз. Робот док-станциядан тым алыс тұр. Оны жақынырақ орналастырып, қайталап көріңіз.
Дұрыс емес жұмыс	Роботты қайта қосыңыз.
Тазалаған кезде шуыл шығады	Негізгі қылшақ, шеткі қылшақ және негізгі дөңгелектері бұғатталуы мүмкін. Роботты өшіріп, оларды тазалаңыз. Егер барлық бағыттағы дөңгелек бұғатталған болса, оны бұрауышпен шешіп алып тазалаңыз.
Жинаудың сапасы нашар және/немесе құрылғыдан шаң түседі	Шаңжинағыш толып қалған, оны босату керек. Сүзгі бітеліп қалған, тазалау керек. Негізгі қылшақ ластанған. Оны жіберіп, қайталап көріңіз.
Wi-Fi желісіне қосылмайды	Wi-Fi өшіп тұр. Wi-Fi желісін бастапқы күйге келтіріп, қайта қосылып көріңіз. Wi-Fi сигналы бәсең. Роботты Wi-Fi сигналы күштірек жерге қойыңыз. Wi-Fi желісіне қосылу пробелмасы. Wi-Fi желісін бастапқы күйге келтіріп, мобильдік қолданбаның соңғы нұсқасын жүктеп алып, тағы көріңіз. Бұл құрылғыны қолдамайды. Қолдайтын модельдердің тізімі қосымшада берілген. Wi-Fi желісіне қосылмайды. Маршрутизатор баптауларында қате болуы мүмкін. RoboGosk клиенттерге қызмет көрсету бөлімімен ақауды жоюға көмек алу үшін хабарласыңыз.



# Жиі қойылатын сұрақтар

Проблема	Шешімі
Жоспарланбаған жинау іске қосылмайды.	Батареяның қуат деңгейі тым төмен. Жоспарланған жинау тек батарея деңгейі 20%-дан жоғары болғанда ғана қосылады.
Робот док-станцияда болғанда қуат үнемі келе ме?	Робот док-станцияда тұрған кезде батарея өнімділігін қаолдау үшін энергия тұтынады, бірақ энергия тұтыну тым төмен.
Роботты алғаш үш рет пайдаланған кезде кемінде 16 сағат қуаттау керек пе?	Жоқ. Роботты алғаш рет толық қуаттағаннан кейін кез келген уақытта пайдалана беруге болады.
Ылғал жинау кезінде су жоқ немесе мөлшері аз	Су ыдысында су бар болғанына көз жеткізіңіз және мобильдік қолданба арқылы су шығысын орнатыңыз немесе ылғал жинауға арналған мата мен ылғал жинауға арналған мата кронштейнін дұрыс орнату бойынша толық нұсқауды пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.
Қуаттағаннан кейін жинау жалғаспайды	Робот «Мазаламаңыз» режимінде тұрмағанына көз жеткізіңіз. «Мазаламаңыз» режимі жинауға жол бермейді. Жинау кезінде қуаттауды қажет ететін кеңістікті жинау кезінде робот док-станцияға автоматты қуаттау басталмай тұрып қолмен апарылған болса, жинау жалғаспайды.
Робот нүктелік жинаудан кейін немесе қолмен апарылғаннан кейін док-станцияға орала алмайды.	Нүктелік жинаудан кейін немесе орнын айтарлықтай өзгерткеннен кейін робот жаңа карта құрады. Егер док-станция тым алыс орналасса, робот қосымша қуаттау үшін орала алмауы мүмкін, мұндай жағдайда оны док-станцияға қолмен апару керек.
Робот белгілі орындарды жинамай кете бастады.	Қабырға датчигі немесе биіктік ауытқуы датчигі ластанған болуы мүмкін. Оларды құрғақ матамен тазалаңыз.
Су ыдысы толып кеткен.	Сүзгі толып қалған және тазалауды қажет етеді.
Нысандарды тану және оларды айналып өту мүмкін емес	ReactiveAI камерасының объективі ластанған немесе бұғатталған. Объективті жұмсақ матамен сүртіп, оны ештеңе жауып тұрмағанына көз жеткізіңіз. Ағымдағы интеллектуалды алгоритмдер ласты танымауы мүмкін, бірақ күнде үйренеді.

# Пайдалану, монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату қағидалары мен шарттары

- Құрылғы ешқандай монтаждауды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғыны сақтау дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын бөлмелерінде ауа температурасы 5°C-тан 40 °C-қа дейін болған кезде және 80%-дан аспайтын ауаның салыстырмалы ылғалдылығы кезінде қаптамада жүргізілуі тиіс.
- Бөлмелерде коррозия тудыратын агрессивті қоспалар (қышқыл булары, сілтілер) болмауы тиіс.
- Құрылғы мұқият өңдеуді қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т. б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, ол федералды немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электр және электрондық жабдықтарды тиісті қабылдау пунктіне кәдеге жаратуға жіберіледі. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз тиісінше пайдаланбау жағдайында мүмкін болатын табиғи ресурстарды қорғауға және қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтіруді алдын алуға көмектесесіз. Берілген өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қоқыс шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда дереу уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласу немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.



# Кепілдікті қызмет көрсету шарттары

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының іркіліссіз жұмыс істейтіндігіне, сондай-ақ материалдар мен құрастырмасында ақаулардың болмайтындығына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге ғана қолданылады. Кепілдікті қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушының нұсқаулығына сәйкес пайдаланылған жағдайда кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен тыс істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру әрекеттері кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Сервис орталықтарының өзекті тізімі мына адрессте:

<https://www.dns-shop.ru/technical-support/>

## Лазердің қауіпсіздігі

Осы құрылғыдағы лазерлік арақашықтық датчигі IEC 60825-1:2014 құжатындағы лазерлік бұйымдардың 1-сыныбының стандарттарына сәйкес келеді және қауіпті сәуле шығармайды.

# Қосымша ақпарат

**Өндіруші:** Бэйцзин Роборок Тэкнолоджи Ко., Лтд.

6-қабат, каб. 6016, 6017, 6018, корп. С, Канцзянь Баошэн Плаза, Хэйцюань тас жолы 8, Хайдянь ауданы, Бежін қ., Қытай.

Қытайда жасалған.

**Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:**

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

**Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:**

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар Кеден одағының мынадай техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электр-магниттік үйлесімділігі»;
- КО ТР 004/2011 «Төмен вольтті жабдықтардың қауіпсіздігі туралы».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электр техникасы мен радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы көрінісі және оның сипаттамалары сапаны жақсарту үшін алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Тауардың дайындалған күні қаптамада көрсетілген.

